

**БЕКІТІЛДІ**  
**«Виктория» СК» АҚ**  
**Директорлар кеңесі**  
**2024 жылдың «28» ақпандағы**  
**№ 07 Хаттама**

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ**  
**ҒАРЫШ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ**  
**ЕРЕЖЕСІ**

## МАЗМҰНЫ

|                                                                     |           |
|---------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>                                      | <b>3</b>  |
| <b>2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ .....</b>                   | <b>6</b>  |
| <b>3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....</b>        | <b>8</b>  |
| <b>4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ .....</b>            | <b>8</b>  |
| <b>5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ .....</b>                    | <b>10</b> |
| <b>6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН .....</b>            | <b>13</b> |
| <b>САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ .....</b>                                    | <b>13</b> |
| <b>7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ .....</b>       | <b>15</b> |
| <b>8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ .....</b>                     | <b>16</b> |
| <b>9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....</b>     | <b>18</b> |
| <b>10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ .....</b>                 | <b>20</b> |
| <b>САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....</b>                                 | <b>20</b> |
| <b>11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ .....</b> | <b>21</b> |
| <b>МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ .....</b>                    | <b>21</b> |
| <b>12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....</b>                | <b>23</b> |
| <b>13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....</b>                 | <b>25</b> |
| <b>14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....</b>                              | <b>27</b> |
| <b>15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ .....</b>                               | <b>28</b> |
| <b>16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....</b>                               | <b>28</b> |
| <b>17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР.....</b>                                    | <b>28</b> |

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ғарыш объектілерін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ғарыш объектілерін ерікті сақтандыру саласында туындайтын қатынастарды реттейді, оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Ғарыш объектілерін ерікті сақтандыру шартында (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.3. Ғарыш объектілерін сақтандыру – ғарыш объектінің зақымдануының немесе жойылуының салдарынан ғарыш кемесіне иелік етуге, пайдалануға, өкім жүргізуге байланысты тұлғалардың мүліктік мүддесіне келген залалды ішінара немесе толығымен өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

1.4. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) сақтандыру полисі – Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) беретін сақтандыру шартының жасалғанын растайтын атаулы құжат;
- 4) ғарыш қызметі – ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану бойынша жұмыс жүргізумен тікелей байланысты, оған зымыран-ғарыш техникасын, ғарыш материалдарын және ғарыш технологияларын жобалауды, жасауды (оның ішінде жинау, тестілеу, ұшыру алдындағы дайындық және ұшыру), пайдалануды (эксплуатациялауды) және ғарыш қызметіне байланысты басқа қызметтерді көрсетуді қоса, қызмет, сондай-ақ ғарыш қызметінің нәтижелерін пайдалану;
- 5) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 6) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 7) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 8) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 9) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;
- 10) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 11) шынайы құн (сақтандыру құны) – ғарыш объектінің сақтандыру шартын жасаған күні оның болған жеріндегі құны;
- 12) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның

белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

13) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;

15) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасының көлемінде төлейтін ақша сомасы;

16) ғарыш объекті – ғарыш кеңістігіне ұшыруға арналған және/немесе ұшырылатын және/немесе пайдаланылатын кез келген жасанды объект (оған оның құрамдас бөлшектері мен жеткізу құралдарын қоса);

17) ғарышқа арналған зымыран – тасығыш-зымыранның, екпіндеткіш блоктың (болған жағдайда), ғарыш аппаратының және ағызғыштың (жинау-қорғау блогы) жиынтығы;

18) тасығыш-зымыран – екпіндеткіш блокты (болған жағдайда) және ғарыш аппаратын орбитаға немесе белгіленген траекторияға шығаруға арналған ғарыш зымыранының құрамдас бөлігі (техникалық құрылғы);

19) екпіндеткіш блок – тасығыш-зымыранның бөлінгеннен кейін ғарыш аппаратын орбитаға немесе траекторияға жеткізуге арналған ғарыш зымыранының құрамдас бөлігі (техникалық құрылғы);

20) ағызғыш (жинау-қорғау блогы) – ғарыш аппаратын (екпіндеткіш блокты) қорғауға арналған ғарыш зымыранының құрамдас бөлігі (техникалық құрылғы);

21) шығару құралы – тасымалдағыш зымыран және екпіндеткіш блок (егер екпіндеткіш блок аталған ұшыру үшін ғарышқа тағайындалған зымыранның конфигурациясымен қарастырылған болса);

22) ғарыш аппараты – ғарышқа арналған зымыранның құрамдас бөлігі, ғарыш кешенінің немесе ғарыш жүйесінің тағайындалуына сәйкес міндеттерді шешу мақсатында ғарыш кеңістігінде қызмет атқаруға арналған. Егер Сақтандыру шартында тікелей келісілген болса, басқа да пайдалы жүктеме – тасымалдаушы немесе жүк тасушы кеме, басқарылатын ғарыш станциясының модулі, жүк тасымалдаушы контейнер және т.б. ғарыш аппараты деп түсінілуі мүмкін;

23) транспондер (ретранслятор) – ғарыш аппаратының борттағы радиотехникалық құрылғысы, қабылдағыш антеннасы, қабылдағышы, жиілікті өңдегіш, таратқышы және таратқыш антеннасы бар, жиіліктердің белгілі бір жолағында сигналдарды ретрансляция жасауға арналған;

24) пайдалы жүк – ғарыш аппаратының мақсаттық міндеттерін орындау үшін қажет жабдықтардың жиынтығы, оның ішінде сондай жабдықтың қосалқы бөлшектері;

25) ғарыш аппаратының ұшу сынақтарынан өткізу – жұмыс істеудің және мақсаттық міндеттерді орындаудың нақты болмыстық шарттарында ғарыш аппаратын есептік орбитаға шығарған сәттен бастап 3 айға дейінгі кезеңде ғарыш аппаратын (оның құрамдас бөлшектерін) сынақтан өткізу;

26) орбитада ұшу кезеңінде ғарыш аппаратының жұмыс істеу – ғарыш аппаратының ұшу бағдарламасына және пайдалану құжаттамасына немесе (ұшу сынақтарынан өткізу сатысында) Бас конструктордың құжаттамасына сәйкес, ғарыш аппаратының тасымалдағыш зымыранның бөлінген сәттен бастап, одан әрі ұшу бағдарламасына сәйкес оны қосу, жұмыс істеу қабілетін тексеру және жұмыс істеуі арқылы мақсаттық міндеттерін орындауы;

27) ғарыш аппаратын сәтті ұшыру – ғарыш аппараты ғарышқа арналған зымыранда техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес дәлдікпен есептік орбитаға жеткізілген және тасымалдағыш зымыранның (екпіндеткіш блоктан) бөлінген оқиға;

28) ғарыш аппаратының авариялық ұшуы – ғарышқа арналған зымыран ғарыш аппаратын шығару траекториясының учаскесінде толығымен немесе ішінара қираған, есептік орбитада ғарыш аппаратының тасымалдағыш зымыранның (екпіндеткіш блоктан) ажырамаған, немесе

ғарыш аппараты мақсаттық тағайындалуы бойынша пайдалану мүмкін болмайын есептік емес орбитаға шыққан оқиға;

29) ғарыш аппаратын пайдалануға енгізу – күн батареялары мен антенналардың ашылуы, орбитаның траекториясына түзетулер жүргізу, ғарыш аппаратының барлық жүйелерін қосу және тексеру;

30) пайдалану сатысы – ғарыш аппаратын немесе оның құрамдас бөлшектерін белгілі бір күй-жайға көшіру бойынша міндеттермен айқындалатын пайдалану, белгіленген мерзім ішінде сондай күй-жайда ұстау және мақсатына сай пайдалану кезеңі;

31) оқиға – Сақтанушының (Пайда алушының) ғарыш қызметін жүзеге асыруы барысында немесе салдарынан басталған оқиға (апат немесе катастрофа, немесе солардың салдары);

32) ғарыш аппаратының нақты толық жойылуы – ғарыш аппаратының оқиға нәтижесінде басталған, Сақтанушының (Пайда алушының) барлық қажет шараларды қолдануына қарамастан, оны мақсатына сай әрі қарай және/немесе кейіннен пайдалану толығымен мүмкін болмаған немесе мақсаттық міндеттерді орындамауға әкеп соқтыратын күй-жайы. Бұл факт Мемлекеттік немесе Ведомствоаралық комиссияның қорытындысымен немесе соған тең заңдық құжатпен расталуы тиіс;

33) авария (Ведомствоаралық, Мемлекеттік) комиссиясы – жұмыс мақсаты орын алған оқиғаны зерттеу болып табылатын техникалық комиссия;

34) ғарыш аппаратының конструктивтік толығымен жойылуы – ғарыш аппаратының оқиға нәтижесінде басталған және оны одан әрі және/немесе кейіннен мақсатына сай пайдалану Сақтанушы үшін экономикалық тұрғыдан тиімсіз болған күй-жайы;

35) хабар-ошарсыз жоғалу – ғарыш объектісін ұшыру, сынақтан өткізу, ғарыш кеңістігінде пайдалану кезінде кенеттен жоғалту, оны жоғалтқан сәттен бастап 180 тәулік ішінде ғарыш объектісі туралы ешқандай мәліметтер келіп түспеген және мемлекеттік құзырлы органдар іздеу шараларын тоқтатқан жағдай;

36) ғарыш аппаратының зақымдануы – оқиға нәтижесінде басталған, Сақтанушы (Пайда алушы) қажет шараларды қабылдамаған кезде оны одан әрі мақсатына сай пайдалану мүмкін болмаған ғарыш аппаратының жағдайы;

37) ғарыш аппаратының бұзылуы – ғарыш аппаратының бұзылуы немесе жүйелерінің, тораптарының, агрегаттарының жұмыс істемей қалуы және Сақтанушының (Пайда алушының) тиісті агрегатты жөндеу немесе ауыстыру үшін қажет шараларды қолдануы;

38) ғарыш аппаратын немесе оның құрамдас бөлшектерін жоғалту – ғарыш аппаратын немесе оның құрамдас бөлшектерін иесінен заңға қайшы түрде және ақысыз алуы қою немесе иесінің ғарыш аппаратын өзінің қалауынша пайдалануға және/немесе билік жүргізуге нақты мүмкіндігі болмау, оның ішінде ғарыш аппаратының орналасқан жері белгісіз және ғарыш аппаратын іздеу ресми түрде тоқтатылған жағдай;

39) орбитада ұшу аяқталғаннан кейін ғарыш аппаратын немесе оның түсірілетін элементтерін (болған жағдайда) жерге түсіру – орбиталық құралды немесе басқа да аспан денелерін жер бетіне немесе белгіленген ауданға түсіруді қамтамасыз ететін ғарышта ұшудың соңғы сатысы;

40) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

41) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.5. Осы Ережеге сәйкес сақтандыруға ғарыш қызметінің кез келген (жобалау, әзірлеу, пайдалану) кезеңіндегі ғарыш объектілері, атап айтқанда ғарышқа арналған зымырандар, тасымалдағыш зымырандар, транспондерлер (ретрансляторлар), пайдалы жүктемелер, шығару құралдары қабылданады.

1.6. Тараптардың келісімі бойынша жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін кез келген механикалық, электр және технологиялық жабдықтар, жердегі және ғарыш инфрақұрылым объектілері де қосымша сақтандырылуы мүмкін.

1.7. Сақтандыруға жататын объектілер қызметінің кез келген кезеңінде жұмыс істейтін күйде болуы, ғарыш қызметінің объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттары болуы тиіс: шаруашылық жүргізу, оперативтік басқару құқығы немесе басқа заңдық негізде (жалға алу, тиісті мемлекеттік органның өкімі және т.с.с.) объектіге иелік ету, оны пайдалану және өкім жүргізу құқығы, сондай-ақ ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, сәйкестілік сертификаты, баланстық құны туралы және ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын, аталған құжаттардың орнына қолданылатын басқа құжаттар.

1.8. Сақтанушының кез-келген құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтандыру шартында көрсетілген ғарыш объектісіне иелік ету, оны пайдалану және оған өкім жүргізу кезеңінде ғарыш объектісінің опат болуы, жойылуы, хабар-ошарсыз жоғалуы немесе зақымдауының салдарынан туындаған күтілмеген шығындар мен залалдарға байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі – сақтандыру объекті болып табылады.

2.2. Сақтандыру шартында белгіленген ғарыш қызметі сатысында Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру жағдайларының нәтижесінде және сақтандыру қорғанысының белгіленген қолданыс кезеңінде мүліктің опат болуына, жойылуына, хабар-ошарсыз жоғалуын және/немесе зақымдануына байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесін сақтандыру – Ғарыш объектісін ерікті сақтандыру мәні болып табалады.

2.3. Жобалау сатысы өзіне келесідей кезеңдерді қамтиды:

1) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде жобалау жұмыстарының кезеңі – ғылыми-зерттеу жұмыстарын, эскиздік және техникалық жобалау жұмыстарын жүргізу сатыларында аталған жұмыстарды орындау сәтінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған тәртіп пен ережелерді ескере отырып, жоба материалдарын әзірлеу кезінде орындалатын жұмыстар кешені;

2) әзірлеу кезеңі – ғарыш техникасы бұйымдарын жасау, жетілдіру және жаңалау бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және эксперименталдық жұмыстар, оның ішінде жер бетінде қызмет көрсету құралдары, сондай-ақ өндіріс, пайдалану және жөндеу барысында бұйымдарға авторлық қадағалау және сүйемелдеу;

2.4. Әзірлеу кезеңі, оның ішінде ғарыш объектілерін жинау және тестілеу:

1) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде өндіріс кезеңі – ғарыш техникасының бұйымдарын шағын сериялық және сериялық жасау, оның ішінде жердегі жабдық құралдарын, қосалқы бөлшектерді, сондай-ақ ғарыш техникасына кепілдік қадағалау, кепілдік және техникалық қызмет көрсету. Бұл кезең ғарышқа арналған зымырандардың компоненттерін әзірлеу және жасауға тапсырыс жариялаған күннен басталады және объектіні тапсырыс берушінің өкілі қабылдап алу актіне қол қойған сәтте аяқталады;

2) ғарыш объектісін сақтау кезеңі – объектіні қоймаға орналастырған сәттен басталады және оны қоймадан алып, тасымалдау контейнеріне орналастырған сәтте аяқталады;

3) ғарыш объектісін тасымалдау кезеңі – сақтандырылған мүлікті көлік құралына тиеуді бастаған сәттен басталады және оны түсіретін жерде түсіру аяқталған сәтте бітеді;

4) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде монтаждау жұмыстарын жүргізу кезеңі – ғарыш объектісін техникалық және старт кешенінде ұшыруға дайындау кезінде орындалатын жұмыстар кешені, оның ішінде объектілерге старт алдында сынақ жүргізу. Бұл кезең ғарыш объектісін старт орнына тасымалдауды бастаған сәтте басталады және ұшуға санкцияланған пәрмен беру немесе «көтеру контакты» белгісі өту сәтінде аяқталады;

5) старт алды дайындық (ғарыш объектісінің құрамдас бөлшектерін ұшуға дайындау, оларды жинау және ұшыру космодромдарында тексеру) кезеңі – ғарыш объектісін ұшуға дайындау бойынша техникалық, старт және командалық-өлшеуіш кешендерінде өткізілетін, ғарыш объектісінің құрамдас бөлшектерін ұшу космодромына тасымалдау басталған сәттен бастап

қозғалтқыштарды қосқан сәтке дейінгі кезеңді (немесе алдын ала келісілген басқа сәттерді) қамтитын ісшаралар мен жұмыстар кешені;

б) ғарыш объектісін ұшыру кезеңі – ғарыш объектісін «көтеру контакты» сезбегінің іске қосылу факті бойынша жердегі телеөлшеуіш құралының тіркеу құрылғыларында тіркелетін старт кешенінің ұшыру құрылғысынан көтеру.

2.5. Ғарыш объектісін пайдалану кезеңі (сатысы) – ғарыш объектісінің есептік орбитаға шығарған сәттен бастап орбиталдық құралды немесе басқа аспан денесін жердің бетіне белгіленген ауданға қондыру сатысына дейін белгіленген бағдарламаға және пайдалану құжаттамасына сәйкес мақсаттық міндеттерін орындауы.

2.6. Келесілер жердегі ғарыш инфрақұрылымының объектілері болып табылады:

1) техникалық кешен – ғарышқа арналған зымыранның және оның құрамдас бөлшектерінің әзірлігіне сақтауға, жинауға, тексеруге және ұстауға арналған ғимараттар мен техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін жердегі ғарыш техникасының элементі;

2) старт кешені – ғарышқа арналған зымыранның әзірлігін, дайындауды және ұшуды қамтамасыз етуге арналған ғимараттар мен техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін жердегі ғарыш техникасының элементі;

3) командалық-өлшеуіш кешені – ғарыш аппаратын ұшуда басқаруға, оның жүйелері мен элементтерінің күй-жайы туралы ақпарат алуға және өңдеуге арналған ғимараттар мен техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін жердегі ғарыш инфрақұрылымының элементі.

2.7. Жердегі ғарыш инфрақұрылымының объекті келесілерді қамтиды:

1) жердегі өндірістік және эксперименталдық-зерттеу базасы ғарыш техникасын жасауға және өңдеуге арналған база, ғарышкерлерді дайындауға арналған орталықтар мен жабдықтар;

2) космодром, ғимараттар мен үйлерден, өткізу құрылғыларынан, негізгі және қосалқы жабдықтардан, машиналардан және механизмдерден тұратын стационарлық және мобильді старт кешендері және іске қосу қондырғылары;

3) ғарыш техникасын сақтау базасы;

4) ғарыш объектілерін қондыру полигоны және ұшу-қону жолақтары;

5) жердегі ғарыш жүйелері стансаларынан, ғарыш <sup>А</sup> кешендерін басқарудың автоматтандырылған жүйелерінен және жердегі басқа жабдықтардан тұратын жердегі командалық-өлшеуіш кешені, орталықтар және ғарышқа ұшуды басқару бекеттері, ақпараттарды қабылдау және өңдеу бекеттері;

6) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде пайдалану үшін арнайы әзірленген электрондық жабдықтар, электрондық-есептеуіш құрылғылар;

7) арнаулы көлік құралдары, шығыс материалдары және заттар, жасақтаушы элементтер, аяқталмаған өндіріс объектілері, дайын бұйымдар, жасақтаушы және қосалқы бұйымдар және солардың керек-жарақтары (ҚБКЖ);

8) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын жердегі басқа да ғимараттар мен техникалар.

2.8. Жоғарыда көрсетілген объектілер әрі жекелеген дербес санат ретінде, әрі сақтандырылған ғарыш объектісінің құрамында сақтандырылуы мүмкін. Бұл ретте, ол талаптар Сақтандыру шартында ерекше келісілуі тиіс.

2.9. Сақтандыру шарты сақтандырылған ғарыш объектісін сақтау үшін заңға және/немесе басқа құқықтық актіге, немесе шартқа негізделген мүддесі бар Сақтанушының немесе басқа тұлғаның – Пайда алушының пайдасына жасалады. Сақтанушының немесе Пайда алушының сақтандырылған объектіні сақтау үшін мүддесі болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп саналады.

2.10. Сақтандыру шартында екі немесе одан көп ғарыш объектісін сақтандыру көзделуі мүмкін.

2.11. Сақтандырушының (Пайда алушының) жүкті тасымалдауға, оны сақтауға байланысты, фрахтқа, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке және т.б. байланысты мүдделеріне сақтандыру қорғанысы қолданылмайды.

### 3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасау кезіндегі ғарыш объектісінің шынайы құнынан аспауы тиіс. Қосымша тәуекелдерді сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен белгіленеді және Сақтандыру шартында әр тәуекел бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

3.2. Сақтандыру сомасы бухгалтерлік құжаттардың немесе нарықтық конъюктураның негізінде, ғарыш объектісінің Сақтандыру шартын жасау кезіндегі баланстық немесе нарықтық құнына қарай айқындалады.

3.3. Толық құнына сақтандыру кезінде ғарыш объектісі сақтандыруға келесілерге қарай қабылданады:

1) бухгалтерлік есептің деректері бойынша баланстық құнына қарай (тозуын есепке ала отырып);

2) жүкқұжаттық шығындарды есепке ала отырып, сатып алу бағасы бойынша;

3) объектінің Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі орташа нарықтық құнының бағасы бойынша.

3.4. Сақтанушы Сақтандыру шартын жасағанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау құқығын пайдаланбаған Сақтандырушыны сақтандыру сомасына қатысты қасақана жаңылдырған жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандырылған ғарыш объектісінің сақтандыру сомасымен кейіннен дауласуға болмайды.

3.5. Сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы ғарыш объектісінің шынайы құнынан төмен мөлшерде белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының шынайы құнға шаққандағы қатынасына тең нақты залалдың бөлігі мөлшерінде жүзеге асырады.

3.6. Егер Сақтандыру шартында сақтандыру сомасын асыру Сақтанушының алдауының салдарынан орын алған болса, онда Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге және сол залалдың нәтижесінде келген сақтандыру төлемін төлемеуге құқылы.

3.7. Сақтандыру шартында франшиза қарастырылады. Оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен айқындалады және не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді.

3.8. Егер бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде Сақтандыру шартында жекелеген франшиза көзделген сақтандырудың бірнеше заты немесе заттар тобы зақымданса, онда өтемақыны есептеу кезінде франшиза әр зат немесе заттар тобы бойынша ескеріледі.

3.9. Егер Сақтандыру шартында франшиза пайызбен белгіленген болса, бірақ бұл ретте оның мөлшері қандай сомадан есептелетіні келісілмеген болса, онда франшиза Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасынан есептеледі. Егер Сақтандыру шартында франшизаның түрі (шартты/шартсыз) көрсетілмеген болса, онда сақтандыру шарты бойынша шартсыз франшиза белгіленген деп саналады.

3.10. Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі әрқандай жағдайда да сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

### 4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объекті мен сақтандыру тәуекелінің сипаттамасын ескере отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

4.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әрі жалпы сақтандыру сыйлықақысы, әрі сақтандырудың әр объекті, зат/заттар тобы бойынша және әр сақтандыру тәуекелі бойынша, сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

4.3. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел – тәуекел дәрежесіне, сондай-ақ сақтандырудың басқа да шарттарына әсер ететін

факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады.

4.4. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеген күн болып саналады:

1) ғарыш объектісін тасымалдауды, ұшыруды және ұшуды сынақтан өткізуді сақтандыру кезінде – біржолғы төлем;

2) Ғарыш объектісін, ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде пайдалануға арнайы арналған ғарыш техникасының жердегі объектілерін, электрондық жабдықтарды, электрондық-есептеуіш құрылғыларды әзірлеуді, жасауды, ұшуға және орбитада пайдалануға дайындауды сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте бөліп төленуі мүмкін.

4.5. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеген күн болып келесідей күндер саналады:

1) қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда – Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандырушының кассасына төлеген күн;

2) қолма-қол ақшасыз төлем жасаған кезде – сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) Сақтандырушының банктік шотына түскен күн.

4.6. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

4.7. Сақтанушы Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасауға құқылы. Сақтандыру шартын он бір жылдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

| Сақтандыру мерзімі      | Сақтандыру сыйлықақысының<br>мөлшері жылдық сақтандыру<br>сыйлықақысының %%-мен |
|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| 1 айға дейін            | 20,0                                                                            |
| 1 айдан 2 айға дейін    | 30,0                                                                            |
| 2 айдан 3 айға дейін    | 40,0                                                                            |
| 3 айдан 4 айға дейін    | 50,0                                                                            |
| 4 айдан 5 айға дейін    | 60,0                                                                            |
| 5 айдан 6 айға дейін    | 70,0                                                                            |
| 6 айдан 7 айға дейін    | 75,0                                                                            |
| 7 айдан 8 айға дейін    | 80,0                                                                            |
| 8 айдан 9 айға дейін    | 85,0                                                                            |
| 9 айдан 10 айға дейін   | 90,0                                                                            |
| 10 айдан 11 айға дейін  | 95,0                                                                            |
| 11 айдан астам мерзімге | 100,0                                                                           |

4.8. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде, кезекті сақтандыру жарнасын толық көлемде және Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын (біржақты соттан тыс тәртіпте) орындаудан толығымен бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға 15 (Он бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлама жібереді. Сақтандырушының хабарламасын Сақтанушы қай күні алғанына қарамай, Сақтандыру шарты Сақтандырушы хабарламада көрсеткен сәттен бастап бұзылған болып саналады. Бұл орайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан күн хабарламаны жіберген күннен бұрын болмауы тиіс.

4.9. Егер Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін және оны мерзімінен бұрын бұзғанға дейін сақтандыру жағдайы басталған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша

белгіленген, Сақтандыру шартын бұзған сәтке дейін төлеуді кешіктірген сақтандыру сыйлықақысының төленбеген бөлігін шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

## 5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Осы Ережеге сәйкес, сақтандырылған ғарыш объектісінің Сақтандыру шартында белгіленген оқиғаның немесе оқиғалар жиынтығының (сақтандырылған тәуекелдердің) басталуының нәтижесінде опат болуы, зақымдануы немесе жоғалуы – сақтандыру жағдайы деп танылады. Егер сақтандырылған объектінің опат болуы, зақымдануы немесе жоғалуы Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған болса және оның басталуының кездейсоқтық және ықтималдық белгілері болса, оқиға – сақтандыру жағдайы деп танылады.

5.2. Осы Ережеде келісілген және Сақтандыру шартында көзделген оқиғалардың нәтижесінде ғарыш объектісінің опат болуы, жоғалуы, хабар-ошарсыз жоғалуы, толығымен (нақты немесе конструктивті) опат болуы, зақымдануы немесе бұзылуы – сақтандыру жағдайы деп танылады, атап айтқанда:

- 1) Өрт – арнайы белгіленген орыннан тыс жерде кенеттен пайда болған және өздігінен одан әрі таралуы мүмкін (әдейі өртеудің нәтижесінде жанған өртті қоспағанда) ашық жалынның, жоғары температураның, ыстық газдардың, ашық жалын немесе бықсу түрінде бақылау мүмкін болмаған үдерістің салдарынан өртенуден қалған күйіктердің әсері, сондай-ақ мүлікті құтқару және өртті сөндіру үшін қабылданған шаралар;
- 2) Жарылыс – газдың немесе будың таралуы екпінінен туындаған, қысқа уақыт ішінде шектеулі көлемде қуаттың үлкен мөлшерінің екпіндеп босау үдерісі;
- 3) Найзағай соғу – найзағай қуатының тікелей әсері, мұнда найзағайдың тоғы сақтандырылған мүліктің элементтері арқылы өтеді және ыстық, механикалық немесе электрлік тұрғыдан ықпал етеді, немесе ұшқынның туындауы арқылы жоғары электр әлеуетін бағыттауға байланысты найзағай қуатының екінші рет әсері;
- 4) Дүлей апаттар – қиратушы, қауіпті табиғи құбылыстар. Ол құбылыстар өзінің қарқындылығымен, таралу масштабымен және ұзаққа созылғандығымен сақтандырылған мүлікке зақымдаушы ықпал тудыруы мүмкін (цунами, дауыл, жойқын жел, тайфун, құйын, циклон немесе атмосферадағы табиғи үдерістерден туындаған басқа да әуе массасының қозғалысы (залал келтірген әуе массаларының жылдамдығы 20 м/с асқан жағдайда ғана), нөсер, бұршақ; су тасқыны, су басу, жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, таудың опырылуы, тастардың құлауы, қар көшкіні, лай көшкіні, сел, жерасты суларының тасуы);
- 5) Будың және/немесе сұйықтықтың ықпалы – жұмыс сұйықтығының немесе будың шығуымен ілесетін гидравликалық жүйенің (жанармайдың немесе тотықтырғышты беру және сақтау жүйесінің, ыстықты реттеу және тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің, гидравликалық жүйенің, су құбырының, кәріздің, жылыту жүйесінің, өрт сөндіру (спринклер) жүйесінің және басқа жүйелердің) кенеттен зақымдануынан ғарыш объектісінің зақымдануы немесе опат болуы;
- 6) Жердің шөгуі немесе басқалай қозғалысы;
- 7) Бөтен объектілердің ықпалы – ғарышқа арналған зымыранның, ұшақтардың, тікұшақтардың, ғарыш аппараттарының, аэростаттардың, дирижабльдардың және басқа ұшу аппараттарының құрамында зымыран-ғарыш техникасының басқа объектілерінің, олардың бөлшектерінің немесе солардың әуе немесе ғарыш кеңістігіндегі жүктерінің, метеориттік ағымдардың, ғарыш бөлшектерінің, Жердің радиациялық белдеуінің сақтандырылған мүлікке есептік емес ықпалы, сондай-ақ сақтандырылған мүліктің бөлшектері болып табылатын өзге заттардың және қатты денелердің сақтандырылған мүлікке құлауы;
- 8) Өртеу – өрттің өздігінен туындамайтын жағдайда отты пайдаланып мүлікті одан әрі пайдалану үшін жарамсыз күйге келтіретін және (немесе) оның тұтынушылық сипаттамаларын төмендететін қасақана әрекет, немесе отты абайсыз пайдалану салдарынан сақтандырылған мүлікті жою немесе зақымдау;
- 9) Үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері – үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының әкімшілік немесе қылмыстық заңнамасына сәйкес құқықбұзушылық немесе

қылмыстық белгілері бер келесідей іс-қимылдары, атап айтқанда: сақтандырылған мүлікті қасақана жою немесе зақымдау; сақтандырылған мүлікті абайсызда жою немесе зақымдау; тонау; бұзып кіріп ұрлау; қарақшылық. «үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері» терминіне енетін заңға қайшы әрекеттердің нақты формаларының тізбесі Сақтандыру шартымен өзгертілуі мүмкін. Мұндай жағдайда заңға қайшы әрекеттердің нақты формаларының тізбесі Сақтандыру шартында көрсетіледі;

10) Өрт сөндіру шараларын қолдану – сақтандырылған ғарыш объектісіне өрт сөндіретін заттардың ықпалы, сақтандыру объектісінің құрылымдарын бөлшектеу немесе бұзу жұмыстарын және өртті сөндіру және/немесе өрттің алдын алу мақсатында жүргізілген басқа іс-шараларды жүргізу. Бұл ретте, егер сақтандырылған объектіге қатысты өрт сөндіру шараларын қолдану қажеттілігімен негізделген болса, көрші жайлардан су басудың нәтижесінде объектінің жойылуынан немесе зақымдануынан келген залал өтелмейді;

11) Жобалаудағы, әзірлеудегі, монтаж жүргізудегі қателіктер: сақтандыру жобалау және (немесе) конструкторлық ұйымдардың сақтандырылған объектісін жобалаудың белгіленген ережелерін және/немесе нормаларын бұзудың салдарынан ғарыш объектісінің құрамдас бөлшектерінің жойылуына, зақымдануына немесе сынуына, әзірлеуші ұйымдардың немесе монтаж жұмыстарын жүргізетін ұйымдардың төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде әдейі жасалмаған қателіктерге қолданылады:

а) тиісті ұйымдардың лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтардың талаптарын, техникалық регламенттерді, стандарттарды, ережелерді және басқа да қолдануға міндетті, жұмыстардың белгілі бір түрлерін жүргізудің тәртібі мен шарттарын белгілейтін нормативтік актілерді байқаусызда сақтамауы (бұзуы);

б) тиісті ұйымдардың лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің ғарыш объектісін жобалау (немесе конструкциялау) әзірлеу, монтаждау немесе қабылдау-өткізу сынақтарын жүргізу бойынша жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау ережесін байқаусызда сақтамауы (бұзуы);

в) әзірлеу, монтаждау немесе қабылдау-өткізу сынақтарын жүргізу барысында объективті бақылаудың тиісті әдістерімен айқындалуы мүмкін болмаған немесе техникалық регламенттермен, ережелермен және басқа қолдануға міндетті нормативтік актілермен, сондай-ақ белгілі стандарттармен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін ішкі, жасырын ақаулары бар материалдарды, детальдарды, құрылымдарды, құралдарды және техникаларды пайдалануға байланысты күтілмеген қателіктер (жіберілген қателер);

г) Ғарыш объектісін әзірлеу, монтаждау немесе қабылдау-өткізу сынақтарын жүргізу барысында, қаскөйлікті қоспағанда, жұмыскерлердің уақытылы, дәл және сенімді әрекет жасай алмауына әкеп соқтырған кездейсоқ факторлардың ықпалынан жол берілген Сақтанушының (Пайда алушының) жұмыскерлерінің байқаусызда жасаған қателіктері (жіберген қателері);

12) Пайдалану қателіктері – қызметкерлер құрамындағы аталған тұлғалардың қаскөйлігін қоспағанда, жұмыскерлердің уақытылы, дәл және сенімді әрекет жасай алмауына әкеп соқтырған кездейсоқ факторлардың ықпалынан жол берілген Сақтанушының (Пайда алушының) жұмыскерлерінің байқаусызда және кездейсоқ оперативтік-пайдалану немесе өндірістік қателіктерінің себебінен ғарыш аппаратының және/немесе транспондердің кенеттен зақымдануы (сынуы) немесе опат болуы;

13) Жұмыстардың есептік емес режимдері – көрсеткіштері сақтандырылған мүліктің аталған түрі үшін есептік диапазонның сыртында болған, талап етілген нәтижеге қол жеткізбей, материалдардың, заттардың, құрамдас элементтердің жол берілмейтін ысып кетуімен, дірілмен, динамикалық соққылармен, механикалық кернеулермен, электрлік тесілулермен және артық жүктемелермен, гидравликалық соққылармен, феррорезонанстық қайта кернеулермен, тікелей тағайындалуына сай емес ішінара немесе толық шығындаулармен ілесетін, сақтандыру мүлкінің элементтеріндегі штаттан тыс ағудан туындаған режимдердің кенеттен ықпалы немесе ғарыш объектінің және/немесе соған қондырылған, ғарыш аппаратының мақсаттық міндеттерін орындау үшін қажет жабдықтың жұмысындағы іркілістер. Бұл тәуекел бойынша сұйықтық-реактивті қозғалтқыштардың және солардың агрегаттарының, жанармай бағының,

тотықтандырғыш бағының жарылыспен және жарылыссыз апаттық қирауынан келетін залалдары да сақтандырылуы мүмкін;

14) Пайдалы жүктеменің немесе ғарыш аппаратының іркілісі – Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған, күтілмеген оқиғаның (апаттың) нәтижесінде пайдалы жүктеменің жұмысы айрықшамаларға сәйкес келмейді немесе ғарыш аппаратының немесе оның қосалқы жүйелерінде іркіліс туындайды немесе зақымданады, немесе ғарыш аппаратының немесе оның қосалқы жүйелерінің кенеттен өткінші деграациясы, және, Сақтанушы (Пайда алушы) қолданған барлық шараларға қарамай, пайдалы жүктеме ғарыш аппаратының мақсаттық міндеттемелерін орындау үшін пайдаланыла алмайды;

15) Жердегі инфрақұрылымның конструктивтік ақаулары – сақтандырылған мүліктің тұрақтылығы үшін маңызды ішкі және сыртқы көтеруші құрылымдардың (ғимараттардың, жайлардың, үйлердің, құрылыс жайларының) ақауларының салдарынан жердегі объектілердің конструктивтік элементтерінің (сақтандырылған мүліктің іргетасының, ұстындарының, жабындарының, белағаштарының, негізгі қабырғаларының және т.б.) немесе сақтандырылған ғарыш объектісі орналасқан ғимараттардың, үйлердің, құрылыс жайларының табиғи тозуына байланысты емес, күтілмегенде бұзылуы немесе физикалық зақымдануы және соған байланысты сақтандырылған мүлікті (ғимаратты, тұрғын жайларды, үйлерді, құрылыс жайларын) тұрғын және басқа жайларға (ғимараттарға, үйлерге, құрылыс жайларына) қойылатын талаптарды белгілейтін санитарлық-эпидемиологиялық және басқа да нормаларға сәйкес мақсатына сай пайдалану мүмкінсіздігі;

16) Электр желісі көрсеткіштерінің нормативтен жоғары тербелісі – электр қуатын беруге және таратуға арналған желілерде немесе электр қуаты кез келген түрдегі сигналдарды беру үшін пайдаланылатын желілерде электр тогы жиілігінің, күшінің және кернеуінің нормадан жоғары тербелісі (оның ішінде жоғарыда көрсетілген себеппен желілердің жұмыс істеуінің тоқтауы);

17) газ, кәріз, жылыту, су құбыры желілерінің көрсеткіштерінің нормадан жоғары тербелісі немесе өзгеруі, оның ішінде олардың жұмыс істеуінің тоқтауы: жердегі инженерлік-коммуникациялық объектілердің элементтері, оның ішінде жылыту, электр, газ және сумен қамту, кәріз желілері, өрт дабылының, өрт сөндіру жабдықтары, санитарлық-техникалық жабдықтар, желдету жүйесі, ауаны салқындату желісі, қоқысты шығару, шаң жинау жүйелері, телефондандыру, радиофикациялау жүйелері, сондай-ақ сондай желілерге қосылған жабдықтар (көтеру жабдығы, лифт, травалотрлар, экскалаторлар және т.б.). Бұл ретте келесілерге сақтандыру қолданылмайды және залал үшін сақтандыру төлемі төленбейді:

а) Сақтанушының (Пайда алушының) өндірістік қызметінің барысында туындайтын судың, қышқылдың немесе будың ықпалынан келген залал;

б) пайдаланудың тұрақты қолданыстағы факторларының (тозудың, кавитацияның, шірудің, қасқандың және т.с.с.) және/немесе ауа-райы факторларының әсерінен келген залал;

в) сақтандырылған жабдықтың сапасына кепілдік беру келісімшарттары бойынша немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес үшінші тұлғаларға (өндірушілер, жеткізушілер, басқа да субмердігерлер) жауапкершілік артылатын залалдар;

г) іске қосу-баптау жұмыстарын және сынақтар жүргізу кезіндегі қателіктердің салдарынан келген залалдар;

д) басқару жүйесіне немесе деректерді беру жүйесіне заңсыз кіру салдарынан келген залалдар.

5.3. Жоғарыда көрсетілген тәуекелдердің кез келгені, егер ол Сақтандыру шартында ерекше келісілген болса ғана сақтандырылған болып саналады.

5.4. Бұл ретте Сақтанушы мақсаттық міндеттерді орындау үшін қосалқы немесе қайталаушы компоненттерді пайдалану немесе оның орындалуын көрсетілген ғарыш аппаратындағы пайда жүктеменің басқа компоненттеріне көшіру үшін, сол жағдаяттағы барлық мүмкін болған және қол жетімді әрекеттерді жасауға міндетті. Егер ондай компоненттерді Сақтанушы (Пайда алушы) пайдаланса және пайдалы жүктеме ғарыш аппаратының мақсатына сай жұмыс істесе, онда пайдалы жүктеменің және/немесе ғарыш аппаратының іркілісі болмаған деп саналады.

5.5. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтандыру жағдайларының басқа тізбесі қарастырылуы мүмкін.

5.6. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

## **6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

6.1. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде төменде көрсетілгендердің нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден азат етіледі:

- 1) сақтандырылған объектіні мемлекеттік органдардың өкімі бойынша тәркілеу, тартып алу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- 2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 3) әскери қимылдар, азаматтық соғыстар, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 4) террорлық актілер және саяси себептер бойынша заңға қайшы әрекеттер;
- 5) ғарыш объектісінің жүйелерін пайдалану шарттары мен нормаларын бұзу;
- 6) баяу әрекет ететін себептер, оның ішінде тозу, шіру, тат басу, саңырауқұлақшалар басу, ылғалды немесе құрғақ шіру, баяу нашарлау, латентті ақаулар, туа біткен кемшін, жай асқынып жатқан деформация немесе бұрмалану, қар ерігеннен кейін жиналған сумен, жаңбыр суымен, жәндіктердің қалдықтарымен, кез келген түрдегі паразиттердің/микробтардың әрекеттерімен зақымдануды және кеміргіштердің зақымдауын қоса, бірақ олармен шектелмей;
- 7) сақтандырылған ғарыш объектісін мақсатына сай пайдаланбау.

6.2. Төменде көрсетілгендердің салдарынан ғарыш объектісінің жойылуы және/немесе зақымдануы – сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа да кез келген жарылғыш ядролық құрылғының немесе оның ядролық құрамдас бөлшегінің қауіпті қасиеттері;
  - 2) егер электромагниттік немесе радиожиілік көз табиғи құбылыстың салдары болып табылмаса және сақтандырылған объектінің физикалық қирауына әкеп соқтырмаса, сыртқы электромагниттік немесе радиожиілік көздің салдары;
  - 3) иондаушы радиациядан, немесе кез-келген басқа радиоактивті көзден радиоактивті зақымданудан, немесе улағыш, жарылғыш қасиеттерінен, немесе сондай радиоактивті көздің басқа да қауіпті қасиеттерінен келген залал;
  - 4) лайықты түрде танитын, жылдың, датаның немесе уақыттың мәнін ауыстыратын немесе көшіретін компьютерлік және бағдарламалық қамтаманың немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушының немесе кез-келген басқа тұлғаның меншігіндегі) қабілетсіздігінен келген залал;
  - 5) кез келген химиялық, биологиялық, биохимиялық, электромагниттік, ядролық, лазерлік және т.с.с. әсері;
  - 6) Сақтанушының (пайда алушының келісімінсіз әрекет ететін тұлғаның немесе тұлғалардың ғарыш объектісін кез келген заңға қайшы түрде басып алуы немесе құқыққа қайшы басқаруы;
  - 7) ескерту үшін немесе жылдың, датаның, уақыттың ауысуына жауап ретінде Сақтанушының немесе кез келген басқа тұлғаның меншігіндегі кез-келген аппараттық немесе бағдарламалық қамтаманың, немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің кез келген өзгеруінен немесе жаңартылуынан, немесе мәндердің немесе жаңартылулардың мәндерін кез келген ауыстыруға байланысты өкімдерден немесе қызмет көрсетуден келген залалдар.
- 6.3. Төменде көрсетілгендер үшін осы Ереже бойынша сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандыру төлемі төленбейді:
- 1) қаржыландырудың болмауынан немесе жеткіліксіздігінен ғарыш қызметінің кез келген кезеңінде жұмыстардың толығымен немесе ішінара тоқтауынан келген залал;

- 2) ғарыш объектісін ұшыру бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімдерін орындамаудан келген залал;
- 3) жанама залалдар (ғарыш объектісінің тоқтап қалу немесе кешіктіру, тұрып қалу салдарынан, тасымалдау шартын бұзудың немесе жоюдың салдарынан келген тұрақсыздық төлемдер, залалдар, келісімшарттық айыппұлдар және т.с.с);
- 4) сақтандыру жағдайынан кейін ғарыш объектінің сақтандырылған тұрып қалуын пайдалану мүмкінсіздігіне байланысты жіберіп алған олжа немесе қосымша шығындар;
- 5) ғарыш объектісінің тауарлық көрінісін жоғалту;
- 6) сақтандыру жағдайына байланысты және оны кез келген уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізу үшін шығындар (мемлекеттік баждар, көшірмелер жасау үшін шығындар, нотариалдық куәландыру, бағалау/сараптама жүргізу, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметі үшін төлемдер және т.б.);
- 7) кез келген үшінші тұлғаға зиян (залал) келтіргені үшін Сақтанушының кез келген жауапкершілігі;
- 8) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін туындаған, бірақ сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін анықталған залалдар;
- 9) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомаларының көлемінен асатын сомада келген залалдар;
- 10) ғарыш объектісін сақтандыру, интеграциялау, сынақтан өткізу кезіндегі залалдар, сондай-ақ ақаулы материалды ауыстыру, жөндеу немесе ғарыш объектісін монтаждау сатысында әзірлеу барысында жол берілген жетіспеушіліктерді жою. Бұл ескертпе тек қана тікелей зақымданған ақаулы материалдар мен заттарға қатысты, ақаулы материалды пайдаланудың немесе оны әзірлеу кезінде жол берілген қателіктің салдарынан ғарыш объектісінің ақауы жоқ бөлшектерінің опат болуынан немесе зақымдануынан келген залалдарды өтеуге қолданылмайды;
- 11) сақтандыру жағдайынан кейін ғарыш объектісін жасау (монтаж жүргізу, интеграциялау, сынақтан өткізу) жобасы бойынша жұмыстардың құнын арттыруға байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) қосымша шығындары.

#### 6.4. Төменде көрсетілгендерге байланысты зиян келтіру сақтандырумен өтелмейді:

- 1) шу (адам еститін немесе естімейтін), діріл, акустикалық соққы және соған байланысты құбылыстар;
- 2) кез келген түрдегі ластану және/немесе ауру жұқтыру;
- 3) электр, электромагниттік және/немесе радиобөгеуілдер.

#### 6.5. агрегаттарда іске асырылатын жұмыс үдерістерінен, сондай-ақ қалыпты пайдалану жүктемелерінен туындаған зақымданулар сақтандыру жағдайларына жатпайды, атап айтқанда:

- 1) жекелеген агрегаттардың (жүйелердің) пайдалану барысында тозуынан және ескіруінен, ақаулардан және жұмыс үдерісінің әрекетінен және ілеспелі факторлардан туындаған зақымданулар мен іркілістер, егер ондай зақымданулар мен іркілістердің салдары сол агрегаттардың (жүйелердің) ішінде тұмшаланған болса;
- 2) пайдалану шарттары мен жүктемелердің ықпалына байланысты жинақтаушы немесе асқындырушы сипаты бар (қажулық сызаттар, коррозия, жіктелулер және т.с.с) агрегаттардың жекелеген детальдарының зақымдануы;
- 3) ғарыш аппаратының қозғалтқыш компрессорының қалақшаларының, әуе винттерінің, сырттан қаптау элементтерінің және басқа агрегаттарының жергілікті зақымдануы (жаншылуы және жапырылуы), егер олар нақты тіркелген оқиғаның себебі болмаған және ұшудан кейін тексерген кезде немесе ғарыш объектісінде регламенттік жұмыстарды орындау кезінде анықталған болса;
- 4) ғарыш объектісін пайдалануға әдейі ақаулы күйде ұшыру, ондай ұшыру арнайы уәкілеттік берілген органның рұқсатына сәйкес жүзеге асырылған және оған Сақтандырушының жазбаша түрдегі келісімі алынған болса. Бұл ретте Сақтандырушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы;

5) Сақтанушының (Пайда алушының), оның жұмыскерлерінің немесе өкілдерінің ғарыш аппаратын қауіпсіз пайдалану, күзету, жөндеу бойынша белгіленген ережелерді, талаптарды, нұсқаулықтарды (кеңестерді), сондай-ақ құзырлы органдардың лауазымды тұлғаларының ғарыш аппаратын қауіпсіз пайдалануға, аппараттың әрекетін басқаруға, жұмыс істеуді ұйымдастыруға және ғарыш қызметін қамтамасыз етуге қатысты талаптарын сақтамауы.

6.6. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылған әрекеттері;

6.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаса, онда Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздемелерін көрсетіп, Қазақстан Республикасының заңнамаларының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

6.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының ережелерінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздемелері қарастырылуы мүмкін.

6.9. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

## 7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1 Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан көп немесе аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру қорғанысы Сақтандырушының шотына немесе кассасына қолма-қол ақшамен сақтандыру сыйлықақысы келіп түскен күннен кейінгі күнгі сағат 00:00-ден бастап қолданыла бастайды, бірақ Сақтандыру шартына қол қойылған күннен бұрын емес.

7.2 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяғына дейін Сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.3 Егер Сақтандыру шарты ғарыш қызметінің нақты кезеңіне қатысты жасалатын болса, онда Сақтандыру шартында тиісті сақтандыру тиісті кезең басталған белгілі бір күннен бастап қолданысқа енеді және Сақтандыру шартында көрсетілген сол кезең аяқталған күні аяқталады, бірақ Сақтандыру шартының қолданысы аяқталған күннен кейін емес. Ғарыш қызметі кезеңдерінің нақты басталу және аяқталу күндері Сақтандыру шартында белгіленеді.

7.4 Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер орын алса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы ол жөнінде Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті. Әрқандай жағдайда да: ғарыш объектісінің бағытының және пайдалану мақсатының, техникалық қызмет көрсету шарттарының өзгеруі, экипажды ауыстыру және т.с.с. – маңызды өзгерістер деп саналады.

7.5 Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабар алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

7.6 Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге

құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы жұмсаған шығындар мен сақтандыру қолданылған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады.

7.7 Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген залалдарды өтеуді талап етуге, ал егер сақтандыру жағдайы басталып кетсе – сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.

7.8 Сақтандырушының жазбаша келісімі болған кезде, Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте әлі ғарышта (орбитада) болған ғарыш объектісіне қатысты сақтандыру мерзімін ол түсірілгенге дейін ұзарту Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін.

7.9 Қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтандыру шарты бұрынғыдай шарттармен жаңа мерзімге қайта жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын жаңа мерзімге сақтандыру қорғанысының кезеңін үзбей қайта жасау үшін Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу мақсатында 10 (он) күнтізбелік күнге жеңілдік кезеңі беріледі. Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жаңа мерзімге қайта жасау ниеті туралы хабарлау арқылы алдын ала жазбаша жүтінуі және сақтандыру сыйлықақысын немесе алғашқы сақтандыру жарнасын белгіленген мөлшерде, жеңілдік кезеңі аяқталғанға дейін шұғыл төлеуі – жоғарыда аталған жеңілдік кезең ішінде туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеу шарттары болып табылады.

7.10 Сақтандыру өтемінің аймағы ғарыш объектісін әуе және ғарыш кеңістігінде пайдалану аумағымен шектеледі. Сақтандыру шартының қолданысының географиялық шегі Тараптардың келісімі бойынша шектелуі мүмкін.

7.11 Ғарыш объектісін, экипаждың өмірін құтқару мақсатында және ғарыш объектісін одан әрі пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, белгіленген бағыттан ауытқу – Сақтандыру шартының талаптарын бұзған болып саналмайды.

## 8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1 Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген формада және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Сақтанушы өтінішті толтыру кезінде қолында бар құжаттарды ұсынуға және Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайының басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш аппаратына қатысты өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, оның ішінде тиесілігі, күй-жайына әсер ететін мән-жайлар, тауарлық көрінісі, сақталуы, орналасқан жері және т.б. туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген деректердің шынайылығы үшін жауапты болады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтанушы ұсынған құжаттардың негізінде Сақтанушының ғарыш аппаратын тексермей-ақ жасалуы мүмкін.

8.2 Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтанушы келесідей мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауға және құжаттармен растауға міндетті:

- 1) Сақтанушы, Пайда алушы туралы ақпарат (атауы/аты-жөні, деректемелері, басшысы);
- 2) Сақтанушының, Пайда алушының қызметі мен жұмыс тәжірибесін сипаттау;
- 3) құрылтай құжаттарының көшірмелері (құрылтай келісімшарты, жарғы, осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ереже);
- 4) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 5) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) туралы куәлік;
- 6) Сақтанушының (Пайда алушының) ғарыш қызметін жүзеге асыруға құқығы туралы лицензияның көшірмесі;
- 7) сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш объектісінің (оның компоненттерінің) сақталуына мүліктік мүддесін растайтын құжаттар (меншік құқығы туралы куәлік, жалға алу шарты,

жауапкершілікпен сақтау туралы шарт, Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру төлемін алу туралы құқығын айқындайтын басқа құжаттар);

8) ғарыш объектісінің (оның компоненттерінің) шынайы құнын растайтын құжаттар (баланстан үзінді көшірме, сатып алу-сату шартының, төлем туралы шоттардың немесе мүліктің құнын растайтын өзге құжаттардың көшірмесі);

9) сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш объектісінің (оның компоненттерінің) шынайы құны туралы сараптамалық қорытынды – болған жағдайда;

10) сақтандырылып жатқан ғарыш объектісі және оны өндіруші туралы ақпарат;

11) объектінің техникалық-пайдалану сипаттамалары (сенімділік көрсеткіштері, жоспарланған қызмет ету мерзімі, салмағы, жиіліктердің жұмыс жолақтары және т.с.с.);

12) орбиталдық жағдайы туралы ақпарат;

13) ғарыш объектінің құрамы туралы ақпарат, оның ішінде ретрансляторлардың саны, қайталанатын ретрансляторлардың қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ барлық сыни жүйелерді қордалаудың болуы;

14) айрықшама, жинақтама парағы немесе сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш объектісінің (оның компоненттерінің) жинақтамасын белгілейтін өзге құжат;

15) сенімділік, қауіпсіздік, эксперименталдық өңдеу және ұшу сынақтарын қамтамасыз ету бағдарламасын орындау туралы, сақтандыру сәтінде ғарыш объектісінің күй-жайын сипаттайтын мәліметтер;

16) субмердігерлердің және сақтандыруға қабылданып жатқан мүлікті өндірушілердің кепілдік құжаттары (міндеттемелері) – болған жағдайда;

17) сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш объектісінің фотосуреттері – болған жағдайда;

18) бақылаушы органдардың тексеру актілері – болған жағдайда;

19) инженерлік-техникалық құрамның тізімі, олардың жұмыс тәжірибесін көрсетіп, персоналды іріктеу кестесінің және оқытудың сипаттамасы – болған жағдайда ;

20) сақтандыру шартының маңызды ережелері туралы ақпарат (сақтандыру сомасы, сақтандыру мерзімі, сақтандыру аумағы, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі);

21) залалдар статистикасы және наразылықтардың болуы туралы мәліметтер (оның ішінде талаптар берілген күнді, себептерін, мөлшерін көрсету арқылы);

22) сақтандыру тарихнамасы туралы мәліметтер (қанша жыл және қандай компанияларда бұрын сақтандырылған, қолданыстағы сақтандыру шарттарының болуы және сондай шарттардың негізгі көрсеткіштері);

23) Сақтандыру шарты үшін басқа ақпараттар.

8.3 Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Сақтандырушы себептерін түсіндірмей, Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

**8.4 Сақтандыру шарты жазбаша немесе электрондық түрде жасалады. Сақтандыру шартының келісілген формасын сақтамау – оны жарамсыз деп тануға әкеп соқтырады.**

8.5 Сақтандырушы сақтандыруға қабылданып жатқан ғарыш аппаратына тексеру жүргізеді және қажет жағдайда – оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындайды. Сараптама үшін төлем Тараптардың келісімімен белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін жоғарыда аталған құжаттар оның ажыратылмас бөлігі болып табылады.

8.6 Егер Сақтандыру шартын жасау барысында қауіпсіз пайдалануға ықпал етуі мүмкін ақаулар анықталатын болса, онда ол ғарыш объекті аталған ақауларды жойғаннан кейін ғана сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

8.7 Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушының әдейі жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталатын болса, онда Сақтандырушы ол Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген ережелерді қолдануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы айтпаған, бірақ осы уақытта дейін ол мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы емес.

8.8 Тараптардың келісімімен ғарыш объектілерін сақтандыру шарттары әрі Сақтанушының (Пайда алушының) ғарыш қызметінің жекелеген кезеңі (сатысы) бойынша, әрі бірнеше бірізді кезеңдер (сатылар) бойынша жасалуы мүмкін.

8.9 Белгілі бір мерзім ішінде Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша ұқсас мүлікті әркелкі партияларын ұқсас шарттармен жүйелі сақтандыру бір Сақтандыру шартының – Бас шарттың негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

8.10 Сақтандырушы Бас Сақтандыру шартының қолданысына жататын жекелеген мүлік партиялары бойынша Сақтанушыға Сақтандыру шарттарын беруге міндетті.

8.11 Сақтандыру шартының мазмұны Бас Сақтандыру шартына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартына басымдылық беріледі.

8.12 Егер Сақтандыру шартында Ережені қолданбау тікелей көрсетілмеген болса, Ережеде қамтылған, бірақ Сақтандыру шартына енгізілмеген шарттар Тараптар үшін міндетті болып саналады.

8.13 Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының дубликатын рәсімдеуге кететін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күні Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.14 Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі.

## 9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1 Сақтандырушыға қойылатын сақтандыру төлемін төлеу туралы талапты Сақтанушы немесе Пайдаланушы жазбаша түрде, сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды қоса ұсынады.

9.2 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы залалдың мөлшерін жүргізілген тексерістің және өзі жасаған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәтте зақымданған ғарыш аппаратының құнын есепке ала отырып, айқындайды. Бұл орайда Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама – оның бастамашысы болған тараптың есебінен жүргізіледі.

9.3 Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген әрекеттердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылған әрекеттері.

9.4 Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді қабылдайды және Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлайды.

9.5 Дауды сақтандыру омбудсманы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен реттеген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешіміне Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сотта шағым бере алады.

9.6 Ғарыш аппараты толығымен опат болған немесе хабар-ошарсыз жоғалған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасының мөлшерінде жүзеге асырады.

9.7 Сақтандыру төлемін төлегеннен кейін Сақтандырушы шығынға жазылған ғарыш объектісінің немесе оның кез келген агрегатының (бөлшегінің) барлық тіркеу құжаттарымен және иелік ету құқығы туралы құжаттармен бірге меншік иесі болу құқығын алады.

9.8 Конструктивтік опат болған жағдайда Сақтандырушы өзінің таңдауы бойынша не сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырады және зақымданған ғарыш объектісінің қалдықтарын сатудан түскен табысқа құқық алады, не болмаса сақтандыру сомасы мен ғарыш объектінің қалдықтарының құны арасындағы айырмашылықты төлейді.

9.9 Ғарыш объектісі зақымданған жағдайда Сақтандырушы келесідей төленген шығындардың орнын толтырады:

- 1) Сақтанушының апаттық жөндеуге кеткен нақты шығындары, оның ішінде: қосалқы материалдар мен қосалқы бөлшектерді, құралды сатып алуға кеткен шығындар, ғарыш объектісінің тағайындалған техникалық ресурстың өтелмеген бөлігіне қатысты сол ресурсқа тең көлемдегі ғарыш объектісін сынақтан өткізуді бақылау – сақтандыру жағдайы басталған сәттегі ең жоғары өнімділігі бар көрсеткіштердің бірі бойынша;
- 2) зауыт жағдайында жөндеуден өткен немесе ауыстырылған әр агрегатты жөндеуге кеткен, зақымданудың салдарынан сол агрегаттардың өтелмеген ресурсына (сағаттарға, айналымдарға, қонуларға) тең жөндеу аралық ресурс көлеміндегі шығындар;
- 3) зақымданған ғарыш объектісі орналасқан жерге жұмысшыларды, материалдарды, қосалқы бөлшектер мен агрегаттарды жеткізуге, сондай-ақ оқиға орнынан базалық нүктеге (жөндеу мекемелеріне) ұшуға кеткен шығындар;
- 4) қай тәсіл ең дұрыс болуына қарай, ғарыш объектісін базалық нүктеге немесе ғарыш объектісін пайдалануға жарамды оқиға орнына жақын жерге қайтару бойынша ақылға қонымды шығындар;
- 5) зақымданған ғарыш объектісінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша шығындар.

9.10 Егер көрсетілген шығындар дұрыс, ең тиімді тәсілмен, сақтандыру сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде орындалған болса, ол шығындарды Сақтандырушы өтеуі тиіс болады.

9.11 Сақтандыру төлемінің сомасынан Сақтандыру шартымен белгіленген франшиза және егер Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу қарастырылған болса, Сақтанушы төлемеген сақтандыру сыйлықақысының бөлігі шегеріп қалынады.

9.12 «Үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.13 Егер шығындар Сақтандырушының нұсқауын орындау үшін қажет немесе жүзеге асырылған болса, көрсетілген жасалған шаралар сәтсіз болған болса да, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындарды Сақтандырушы өтеуі тиіс. Мұндай шығындарды Сақтандырушы сақтандыру сомасының ғарыш объектінің шынайы (сақтандыру) сомасына шаққандағы қатынасына тең мөлшерде өтейді. Бұл ретте, сақтандыру төлемінің және шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Көрсетілген шығындар – сол шығындар келген тұлғаның өзіне өтеледі.

9.14 Сақтандыру сомасына келесілер қосылмайды:

- 1) ғарыш объектісін тазалау және қалдықтарын утилизациялау бойынша шығындар – егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса;
- 2) ғарыш аппараты хабар-ошарсыз жоғалған жағдайда оны ісдеу жұмыстары бойынша шығындар – егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса;
- 3) ғарыш аппаратын қайта жабдықтауға, жаңартуға, толықтыра жасауға кеткен шығындар, сондай-ақ сақтандыру жағдайына байланысты апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған, бірақ сақтандыру жағдайына байланысты емес зақымдарды жөндеуге кеткен шығындар;
- 4) Сақтанушының сақтандырылған ғарыш объектісін қалпына келтіру жұмыстарын жедел жүргізуден туындаған қосымша шығындары;
- 5) мақсатқа сай жұмсалмаған шығындар.

Көрсетілген шығындар жекелеген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыруға қабылдануы мүмкін. Бұл ретте аталған шарттар Сақтандыру шартында ерекше келісілуі тиіс.

9.15 Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын қажет құжаттардың соңғысын ұсынған және тиісті сақтандыру актіні бекіткеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.

9.16 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9.17 Егер сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған болса, Сақтандырушы ол жөнінде жазбаша түрде, бас тарту себебінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

9.18 Төмендегідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуді кейінге қалдыруға құқылы:

- 1) егер сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет дәлелдемелер ұсынылған сәтке дейін;
- 2) егер тиісті органдар Сақтанушыға (Пайда алушыға), оның жұмыскерлеріне немесе оның уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және сақтандыру жағдайының басталуына әкелген мән-жайларды тергеу шаралары жүргізіліп жатса – тергеу шаралары аяқталғанға дейін.

9.19 Бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспауы тиіс.

9.20 Залалдың туындау себептеріне немесе оның мөлшеріне қатысты Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Тараптардың әрбірі дауды шешу үшін сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптамашының қызметі үшін сараптама тағайындаған Тарап төлем жасайды.

9.21 Егер Сақтанушыға келген зиянды басқа тұлғалар өтеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өтелуі тиіс сома мен басқа тұлғалар өтеген соманың арасындағы айырмашылықты ғана төлейді.

9.22 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған талап ету мерзімі ішінде заң бойынша және осы Ережеге сәйкес Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын мән-жайылар анықталса, Сақтанушы немесе Пайда алушы алған сақтандыру төлемін (немесе оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.23 Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

## 10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1 Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) қалыптасқан жағдаятта ықтимал залалдың алдын алу немесе азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде ғарыш объектісін құтқару және сақтау шараларын қолдануға;
- 2) келген залал үшін жауапкершілік жүктелетін тұлғаны анықтау бойынша, қалыптасқан жағдаятта ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолдануға;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы құзырына қарай тиісті органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдарының бөлімшелері, өрт сөндіру қызметінің органдары, апат қызметі, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік және т.с.с.) шұғыл хабарлауға;

- 4) оқиғаны уәкілетті мемлекеттік органдарда және басқа құзырлы органдарда құжатпен рәсімделуін қамтамасыз етуге;
- 5) шұғыл түрде, әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 6) зақымданған сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайынан кейін қандай күйде болса, тура сондай күйде Сақтандырушы оны тексергенге дейін сақтауға. Сақтанушының оқиға орнының кескіндемесін өзгертуі (яғни зақымданған бөлшектердің және зақымданған мүліктің детальдарының орналасуын, сондай-ақ сақтандырылған мүлікке және/немесе үшінші тұлғаларға залал келген жерде заттардың аумақтағы орналасқан орнын) егер қауіпсіздік және/немесе залалдың мөлшерін азайту мақсатында, және оған Сақтандырушының келісімі болған жағдайда, немесе Сақтандырушы тексеру жүргізу құқығын пайдаланбаған жағдайда мүмкін болады. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) жоғарыда көрсетілген себептер бойынша залалдың көрінісін өзгертуге ниет білдірсе, онда ол суретке түсіру және/немесе бейнежазба жасау арқылы оқиға орнының көрінісін (сақтандырылған мүлікке және/немесе үшінші тұлғаларға залал/зиян келген жерде) әділ және ақылға құнымды түрде толық тіркеуге міндетті;
- 7) Сақтанушының өкіліне зақымданған ғарыш объектісіне кедергісіз тексеріс жүргізу, залалдарды азайту және оны құтқару бойынша іс-шараларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 8) Сақтанушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға көмектесуге, оның ішінде сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары туралы, келген залалдың сипаты мен келген залалдың мөлшері туралы жоруға болатын барлық қолжетімді ақпараттар мен құжаттаманы Сақтандырушыға беруге, сонымен бірге Сақтандырушының өкілінің оқиғаны зерттеу бойынша комиссия мәжілістеріне қатысуды қамтамасыз етуге;
- 9) жәбірленуші болып табылмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде келген залалдардың қандай да бір өтемақысын (қарымақысын) алғаны туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде жазбаша хабарлауға;
- 10) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты әрі Сақтандырушының, әрі Сақтанушының мүдделерін қорғау үшін өзінің өкілін тағайындау қажет деп тапса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға аталған мүдделерді қорғау үшін сенімхат немесе басқа қажет құжаттарды беруге. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сотта Сақтанушының мүддесін қорғауға немесе басқаша түрде Сақтанушының құқықтық тұрғыдан қорғауға құқылы, бірақ міндетті емес;
- 11) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан келген залалдарды дәлелдеу, оның ішінде сараптама жүргізу, сараптамашылардың оқиға орнына баруы үшін, мамандарды тарту және кеңес беру, қажет құжаттарды жинау және т.с.с. ауыртпалығын өзіне алуға;
- 12) залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын Сақтандырушының жүзеге асыруы үшін барлық құжаттар мен дәлелдемелерді Сақтандырушыға беруге және барлық қажет мәліметтерді оған хабарлауға;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық басқа әрекеттерді орындауға.

## **11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

11.1 Келесі құжаттар сақтандырудың барлық бөлімдері үшін сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттар болып табылады:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандырылған мүліктің сақталуы үшін Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүддесінің болуын растайтын құжаттардың лайықты түрде куәландырылған көшірмелері. Оларға келесілер жатқызылуы мүмкін: Ғарыш

объектісінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, ғимаратты, үй-жайды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, лінг шарты, сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты, жауапкершілікпен сақтау туралы шарт, меншік құқығының туындау негіздемелеріне сәйкес басқа да құжаттар;

3) сақтандырылған ғарыш объектісін пайдалануды және оның техникалық күй-жайын растайтын құжаттардың лайықты түрде куәландырылған көшірмелері. Оларға келесілер жатқызылуы мүмкін: мердігерлік шарты, жұмыстарды жүргізу туралы шарт, апаттық комиссияның актілері (Ведомствоаралық, Мемлекеттік), жұмыстарды жүргізу туралы дәрегей немесе тапсырма, жұмыс жүргізу жобасы немесе жоспары, ғарыш объектісін пайдалану және (немесе) оған қызмет көрсету бойынша нұсқаулық (регламент, нұсқау);

4) сақтандырылған ғарыш объектісінің шынайы құнын растайтын құжаттардың лайықты түрде куәландырылған көшірмелері: баланстан үзінді көшірме, негізгі құралдарды есепке алу карточкасы, сатып алу-сату (жеткізу) шарттары, айрықшамаларымен, шот, анықтама-шот және/немесе сақтандырылған объектінің құнын растайтын басқа құжаттар;

5) сақтандыру аумағын күзетудің болуын растайтын құжаттар (Күзет қызметін көрсету туралы шарт және т.б.);

6) Сақтандырушы өтейтін залалдың азайту үшін жасалған шығындардың қажеттілігін және негізділігін немесе Сақтандырушының жазбаша нұсқауларын орындауды растайтын құжаттар. Аталған құжаттар Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушы өтейтін залалды азайт үшін және/немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін шығын шығарған жағдайларда ұсынылады;

7) сақтандыру жағдайының басталу фактін және оның себептерін, сақтандыру жағдайы басталған орын мен уақытты растайтын құжаттар. Мұндай құжаттарға келесілер жатады, бірақ олармен шектелмейді:

а) өрттен, әдейі өртеуден зақымданған кезде – РФ ТЖМ органдары, құқық қорғау органдары берген қаулылар, актілер, ұйғарымдар, хаттамалар, өрт-техникалық сараптама қорытындылары, апат-техникалық қызметтердің, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың актілері (қорытындылары) түріндегі, өрт қауіпсіздігінің дәрежесін куәландыратын құжаттар, сақтандыру орнын өртті қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор соңғы рет тексерген күнді (оның ішінде бұзылымдарды түзету туралы қолда бар бұйрықтарды) көрсетіп, сақтандыру орнында немесе соған жақын орналасқан жарылысқа қауіпті объектілерді тексеру туралы актілер, зақымдану дәрежесін көрсету арқылы зақымданған сақтандыру объектілерінің тізімі;

б) найзағай соғудан зақымданған кезде – Қазгидромет немесе ТЖМ аумақтық органы берген анықтама; Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының актілері (қорытындылары); аудандық қуатпен қамтамасыз ету ұйымы берген найзағай құбылысының нәтижесінде кернеудегі ауытқулар немесе тоқтың күшеюі туралы анықтама;

в) жарылыс кезінде – ТЖМ органдары берген құжаттар, апат-техникалық қызметтің актілері (қорытындылары), құқық қорғау органдары берген процессуалдық құжаттар, өндірістік-техникалық сараптама қорытындысы, зақымдану дәрежесін көрсету арқылы зақымданған сақтандырылған мүліктің тізімі;

г) бөтен объектілер әсер еткен кезде – ұшу оқиғасын тергеу факті бойынша апаттық мемлекеттік (ведомствоаралық) комиссияның қорытындысы (есебі) немесе Сақтанушы мен Сақтандырушы қол қойған, орын алған оқиғаны зерттеу акті, сақтандыру жағдайының басталу фактін, себептерін растайтын басқа құзырлы органдардың құжаттары;

д) дүлей апаттар кезінде – гидрометеозықызметінің және сейсмологиялық қызметтің аумақтық бөлімшелерінің, өңірлік (ведомстволық) комиссиялардың, құзырлы органдардың, апат-құтқару қызметінің актілері (қорытындылары), зақымдану дәрежесін көрсету арқылы зақымданған сақтандырылған мүліктің тізімі;

е) бу және/немесе сұйықтық әсер еткен, желі көрсеткіштерінің нормативтен жоғары тербелістері кезде – Сақтанушының (Пайда алушының) орын алған оқиғаны тергеу туралы ішкі акті; инженерлік жүйелер мен желілерді пайдаланылатын арнайы қызметтердің акті, жүйе деректерінің істен шығу себептерін сипаттау арқылы, кінәлі тараптың айқындамалары;

ж) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері, бұзып кіріп ұрлау, тонау, қарақшылық кезінде – құқық қорғау органдары (жауап алу және алдын ала тергеу, прокуратура, сот органдары)

берген құжаттар, оның ішінде – сақтандырылған мүліктің опат болуына, жоғалуына немесе зақымдануына әкеп соқтырған заңға қайшы әрекеттер факті бойынша қылмыстық/әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғау (қозғаудан бас тарту) туралы қаулының (ұйғарымның) көшірмесі немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі, жәбірленуші деп тану туралы қаулы, оқиға орнын тексеру хаттамасы, оқиға орнының сұлбасы, ұрланған мүліктердің тізімі, күзет жүйелерінің болы, күй-жайы және іске қосылуы туралы куәландыратын құжаттар (шарттар, келісімшарттар, сынақтан өткізу туралы хаттамалар, анықтамалар);

з) басқа оқиғалар басталған кезде – Сақтандырушы құжаттардың тізімін басталған оқиғаның барлық мән-жайларын ескере отырып, әр нақты жағдайға қарап белгілейді, құжаттар тізіміне міндетті түрде (Ведомствоаралық, Мемлекеттік) Апат комиссиясының актіні кіргізеді.

Егер сақтандырылған мүліктің зақымдану, опат болу немесе жоғалу мән-жайлары мен себептерін тергеуге уәкілетті мемлекеттік органдар Сақтанушы сұратқан құжаттарды оған беруден бас тартса, Сақтанушы ол бас тарту фактісін дәлелдеуге міндетті және растау үшін мемлекеттік органның сол бас тарту туралы жазбаша хатын Сақтандырушыға ұсыну тиіс;

8) сақтандырылған мүлікке келген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар. Мұндай құжаттарға келесілер жатқызылады: зақымданудың сипаты мен дәрежесін көрсету арқылы жоғалған (опат болған) және/немесе зақымданған мүліктің тізімі; жоғалған (опат болған) және (немесе) зақымданған мүліктің құнын растайтын құжаттар; сақтандыру оқиғасы басталған күнге жақын күні жасалған және мүліктің жоғалу (опат болу) немесе зақымдану факті бойынша жасалған мүлікті түгендеу актісі (түгендеу тізімдемелері мен ведомостар); сақтандырылған мүлікті қалпына келтіру бойынша сметалар мен шығындар калькуляциясы; төленгенін растайтын төлем құжаттарын қоса ұсыну арқылы, нақты орындалған жұмыстардың шығындарын көрсететін құжаттар (оның ішінде шоттар, тапсырыс-бұйрықтары, жұмыстардың орындалғанын және қабылданғанын растайтын құжаттар); сақтандырылған мүліктің ауыстырылатын бөлшектерінің, детальдарының, тораптарының, агрегаттарының құнын растайтын құжаттар; кәсіби бағалаушының/тәуелсіз сарапшының немесе құзырлы органның қорытындысы, оның ішінде ақау ведомосы, диагностика актілері немесе хаттамалары; қосымша шығындардың туындауын және мөлшерін растайтын құжаттар (тауар және касса чектері, тауар жүкқұжаттары, орындалған жұмыстардың актілері);

9) егер Сақтандыру шартының талаптары бойынша шығындар өтелетін болса, залалдардың себептерін және (немесе) мөлшерін айқындау мақсатында сараптама жүргізу бойынша шығындардың мөлшерін растайтын құжаттар (шоттар, жұмыстарды (қызметтерді) қабылдау-өткізу актілері, түбіртектер, жүкқұжаттар, басқа да құжаттар);

10) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру нәтижесінде өтелетін залалдар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығы Сақтандырушыға өткеннен кейін оның сол талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажет құжаттар. Көрсетілген құжаттар Сақтандыру шартында Сақтандырушының суброгацияға құқығынан бас тартуы қарастырылмаған жағдайда ұсынылады;

11) меншік иесінің сақтандырылған ғарыш мүлкіне меншік құқығынан Сақтандырушының пайдасына бас тартуы. Егер меншік иесі Сақтандырушының пайдасына аталған мүлікке меншік құқығынан бас тартқан болса, көрсетілген құжат сақтандырылған ғарыш объектісі жоғалған немесе опат болған жағдайда ұсынылады.

11.2 Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер сол құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған) Ғарыш объектілерін ерікті сақтандыру ережесінде айтылған қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

## 12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 12.1 Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 3) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға;
- 4) келген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижесімен және Сақтандырушы және/немесе тәуелсіз сарапшы әзірлеген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептемелерімен танысуға;
- 5) Сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

#### 12.2 Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 3) сақтандырылған ғарыш объектісіне немесе оның жекелеген агрегаттарына қатысты басқа да қолданыста сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал ететін болса, Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде, Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға;
- 5) Сақтандыру шартында көрсетілген ғарыш объектісіне иелік ету, өкім жүргізу және оны пайдалану құқықтарында болған өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасауға және оның қолданысы кезеңінде орындауға байланысты іс-шараларды (ғарыш объектісін, оған техникалық қызмет көрсетудің және пайдаланудың шарттарын тексеру, оған сараптама жүргізу) жүргізуі үшін Сақтандырушыға қажет жағдай жасауға;
- 7) ғарыш объектісінің аэронавигациясы, ұшуға және техникалық тұрғыдан пайдалану және қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтардың (кеңестердің) талаптарын сақтауға, жүйелі түрде ғарыш объектісінің қолданыстағы ережелер бойынша талап етілетін бүкіл қажет құжаттарын жүргізуге және ол құжаттарды Сақтандырушының немесе оның өкілінің сұратуы бойынша беруге;
- 8) ғарыш объектісін пайдалану қауіпсіздігіне және басқаруға қатысты құзырлы органдардың лауазымды тұлғаларының өкімдерін орындауға;
- 9) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 10) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

#### 12.3 Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде және сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтанушы ұсынған құжаттар мен ақпараттардың дұрыстығын тексеруге, сондай-ақ Сақтандыру шартының талаптарын сақтауды талап етуге;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактін, сондай-ақ оның себептері мен залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы

көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;

4) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға және Сақтанушы ұсынған құжаттар мен дәлелдемелерді зерделеуге;

5) құзырлы органдардан сақтандыру жағдайының басталғанын және мән-жайларын растайтын, залалдардың себептері мен мөлшерін белгілеу үшін қажет құжаттарды сұратуға;

6) осы Ережеде қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

7) осы Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;

8) сақтандыру жағдайы басталған кезде келген залалдың мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

#### 12.4 Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға, Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіпте сақтандыру төлемін төлеуге (немесе төлеуден бас тартуға);

4) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын беруге;

5) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында шығарған шығындарды оған өтеуге.

6) сақтандыру құпиясын сақтауға.

#### 12.5 Пайда алушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін талап етуге;

2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданысы кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;

4) Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте келіспеуге;

6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

12.6 Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

### 13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

13.1 Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;

3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;

2) сақтанушы мүлктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;

3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса.

13.3 Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы: 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде; 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6 Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7 Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

| Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім | Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен) |
|---------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15 күнге дейін                                                                              | 15,0                                                                                                   |
| 16 күннен 1 айға дейін                                                                      | 20,0                                                                                                   |
| 1 айдан 2 айға дейін                                                                        | 30,0                                                                                                   |
| 2 айдан 3 айға дейін                                                                        | 40,0                                                                                                   |
| 3 айдан 4 айға дейін                                                                        | 50,0                                                                                                   |
| 4 айдан 5 айға дейін                                                                        | 60,0                                                                                                   |
| 5 айдан 6 айға дейін                                                                        | 70,0                                                                                                   |
| 6 айдан 7 айға дейін                                                                        | 75,0                                                                                                   |
| 7 айдан 8 айға дейін                                                                        | 80,0                                                                                                   |
| 8 айдан 9 айға дейін                                                                        | 85,0                                                                                                   |
| 9 айдан 10 айға дейін                                                                       | 90,0                                                                                                   |
| 10 айдан 11 айға дейін                                                                      | 95,0                                                                                                   |
| 11 айдан астам уақыт                                                                        | 100,0                                                                                                  |

13.8 Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.9 Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.10 Бір рет тасымалдау туралы шарт Бас Сақтандыру шартына байланыстырылмаса, онда ол сақтандыру төлемі төленген күннен бастап тоқтатылған болып саналады.

13.11 Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

13.12 Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 %-ын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.13 Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 %-ын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

## 14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1 Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті (сақтандыру төлемін төлегенге дейін).

14.2 Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3 Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы. Сол құқықтардың өтуі Сақтандыру шартында рәсімделуі мүмкін.

14.4 Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін, Сақтандырушының келісімімен, сақтандырылған объектіге және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуға өз құқықтарын Сақтандырушыға шегінуі мүмкін.

## 15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1 Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандыру объектілерін сақтандыруға қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2 Әуе көлігін екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3 Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

## 16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1 Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2 Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

## 17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

17.1 Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты қосымша келісімге екі Тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2 Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3 Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4 Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және [vis.kz](http://vis.kz) сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) Ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

- а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- д) Сақтандырушының қызметінің мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.
- 17.5 Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.
- 17.6 Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.
- 17.7 Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.
- 17.8 Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.
- 17.9 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

**Сілтеме.** 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.3, 6.6, 6.7, 6.9, 8.4, 9.3-9.5, 9.15-9.17, 9.23, 11.1, 11.2 тармақтарға, 12.1 тармағының 3) тармақшаға, 12.3 тармағының 3) тармақшаға, 12.4 тармағының 2) тармақшаға, 13.12, 13.13, 17.4-17.8 тармақтарға).

Ғарыш объектілерін  
 ерікті сақтандыру ережесіне  
**№1 Қосымша**

**Ғарыш объектісінің құрамдас бөлшектерінің құнын шектеу туралы**  
**ЕСКЕРТПЕ**

Осы Ескертпеде Сақтандыру шартының талаптарына қайшы келетін ережелер қамтылуы мүмкін болуына қарамай, осы құжат арқылы сақтандырылған ғарыш объектісінің құрамдас бөлшектерінің кез келгенін жоғалтқан немесе зақымданған жағдайда, Сақтандырушының жауапкершілігі сол құрамдас бөлшекке жататын белгіленген сақтандыру сомасынан (ұсынылған құжаттарға сәйкес агрегаттың құнынан) аспауы тиіс деп келісілген. Мұндай үлес жұмыстардың, материалдардың, ауыстырылатын бөлшектердің құнын, тасымалдауды және аталған залалдың немесе зақымдануды қалпына келтіру барысында кеткен басқа ілеспе шығындарды қамтиды деп саналады.

Кез келген жоғалған немесе зақымданған құрамдас бөлшекке (құрамдас бөлшектерге) қатысты тасымалдау шығындарының өтеуге жататын сомасы – сондай құрамдас бөлшек (сондай құрамдас бөлшектер) үшін қарастырылған шынайы құн үлесінің 15%-нан аспайды.

Сақтандырушы зақымданған бөлшектерді қажет бұзу, бұзып ашу, зерттеу, жөндеу, іріктеу және тасымалдау құнын, сонымен қатар ғарыш объектісінің сынақтан өткізуге арнаған ұшу шараларын осы Сақтандыру шарты бойынша қабылданған кез келген наразылықтың 5%-ына дейінгі мөлшерде, бірақ ғарыш объектісі бойынша сақтандыру сомасының 2%-нан аспайтын мөлшерде қосымша өтейді. Бұл ретте, кез келген жағдайда Сақтандырушының жиынтық жауапкершілігі сол ғарыш объектісі бойынша сақтандыру сомасынан аспайды деп келісілген.

Залал келген немесе ұсынылған құжаттарда көрсетілмеген ғарыш объектісінің немесе жабдықтың бөлігі зақымданған жағдайда Сақтанушы ғарыш объектісінің бөлшектерінің немесе жабдықтарының жалпы құнының салыстырмалы сомасының көлеміндегі залалдың өтелуіне құқық алады.

Барлық басқа жағдайларда Сақтандыру шартының талаптары мен ережелері қолданылады.

Ғарыш объектілерін  
 ерікті сақтандыру ережесіне  
**№2 Қосымша**

**Ядролық тәуекелдерді сақтандыру шарттарынан шығарып тастау туралы**  
**ЕСКЕРТПЕ**

1. Осы Ережеге сәйкес төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде орын алған кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы және/немесе кел келген түрде зиян келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

- а) радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа да кез келген жарылуға қауіпті ядролық құрылғының немесе оның ядролық құрамдас бөлшектерінің қауіпті сипаттары;
- б) радиоактивті қасиеттер немесе радиоактивті қасиеттердің уытты, жарылғыш немесе басқа да қауіпті қасиеттерімен, жүк ретінде тасымалдау кезінде кез келген басқа радиоактивті материалдармен өзара әрекеті, оған сондай материалдарды сақтау және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса;
- в) иондалған радиация немесе кез келген басқа радиоактивтілік көзінен немесе уытты, жарылғыш немесе кез келген басқа радиоактивті көздердің басқа да қауіпті қасиеттерінен радиоактивпен ластану.

2. Осы Ережеге сәйкес осы Ереженің 1-тармағының б) және в) тармақшаларында көрсетілген радиоактивті материалдарға немесе радиоактивті көздерге келесілер жатпайды:

- а) қуаты азайтылған уран немесе кез келген формадағы табиғи уран;
- б) өңдеудің соңғы кезеңіне жеткен және ғылым, медицина, ауыл шаруашылық, білім беру немесе өндірістік мақсаттарында пайдалануға жарамды радиоизотоптар.

3. Сақтандыру шарты бойынша кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе Сақтанушының кез келген түрде зиян келтіргені үшін азаматтық жауапкершілігі – сақтандыру жағдайы болып табылмайды, егер:

а) Сақтанушы басқа сақтандыру шарттары бойынша, оған атом қуатын пайдалануға байланысты зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру шартын қоса, сақтандырылушы тұлға немесе серіктес сақтандырушы болып табылса;

б) кез келген жеке тұлға немесе ұйым (Сақтанушыдан басқа) сақтандырылған ғарыш объектілерін пайдаланылып жатқан елдердің заңнамаларына сәйкес қаржылық қорғанысты қамтамасыз етуге міндетті;

в) егер сақтандыру қолданылмағанда, Сақтанушы кез келген үкіметтің немесе соның ұйымының оған залалдарды өтеуіне құқылы.

4. осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген радиоактивті материалдың немесе радиоактивті көздердің әсерінен туындаған апаттың нәтижесінде кез келген мүліктің опат болуы, зақымдануы немесе жоғалуы және/немесе Сақтанушының кез келген түрде зиян келтіргені үшін азаматтық жауапкершілігі төмендегідей жағдаяттарда сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылуы мүмкін:

а) қандай да бір радиоактивті материалды жүк ретінде тасымалдау, оған оны сақтауды және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса, ІАТА-ның «Қауіпті жүктерді әуемен қауіпсіз тасымалдау бойынша техникалық нұсқаулығына» сәйкес немесе заңнаманың қатаң талаптарына сәйкес;

б) жоғарыда көрсетілген апат сақтандырудың қолданысы кезінде орын алған және сақтандыру туралы өтініш Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде келіп түседі;

в) Кестеде көрсетілген радиоактивті ластанудың деңгейі максималды рауалы деңгейден асады:

г) осы Ереженің 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылған сақтандырудың қолданысы Сақтандырушы ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлаған сәттен бастап 7 тәулік өткеннен кейін тоқтатылуы мүмкін.

| Сәулелендіргіш<br>(МАГАТЭ-нің қауіпсіздік нормалары)                      | Жер қабатын радиоактивті ластанудың<br>максималды рауалы деңгейі<br>(300 см <sup>2</sup> астам алаң бойынша<br>орташаландырылған) |
|---------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бета, гамма сәулелендіргіштер, уыттылығы<br>төмен альфа сәулелендіргіштер | ең көбі 4 Бк\см <sup>2</sup> (0,1 нКи\см <sup>2</sup> )                                                                           |
| Барлық басқа сәулелендіргіштер                                            | ең көбі 0,4 Бк\см <sup>2</sup> (0,01 нКи\см <sup>2</sup> )                                                                        |

Ғарыш объектілерін  
ерікті сақтандыру ережесіне  
**№3 Қосымша**

### Әскери тәуекелдерден, ұрлап айдап әкетуден және басқа қауіптерден сақтандыру шарттарынан шығарып тастау туралы ЕСКЕРТПЕ

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың салдарынан туындаған апаттардың нәтижесінде кез келген зиян келтірілгені үшін кез келген мүліктің опат болуы немесе зақымдануы және/немесе Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – осы Ережеге сәйкес сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

а) соғыс, интервенция, шетелдік дұшпандардың актілері, әскери қимылдар (соғыс жариялау арқылы немесе соғыс жарияламай), азаматтық соғыс, бүлік, революция, көтеріліс, әскери жағдай, әскери биліктің немесе билікті заңсыз басып алған күштердің әрекеттері, немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері;

б) атомдық немесе ядролық жарықшақтануды және/немесе синтезді немесе кез келген ұқсас реакцияны, радиоактивті күшті немесе материалды қолдану арқылы кез келген қару арқылы жарылыс жасау;

в) ереуіл, бүлік, азаматтық бағынбау актілері немесе жаппай тәртіпсіздіктер;

г) тәуелсіз мемлекеттік агенттері болып табыла ма, табылмай ма, оған қарамастан, бір немесе бірнеше тұлғаның саяси немесе террористік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әрекеті, ондай әрекеттердің нәтижесінде кездейсоқ немесе әдейі кез келген мүліктің опат болуына немесе зақымданғанына қарамай;

д) кез келген жаман ниеттегі әрекеттер немесе саботаж;  
е) тәркілеу, мемлекеттендіру, басып алу, тыйым салу, меншіктену, қандай да бір үкіметтің (азаматтық, әскери немесе de facto қолданыстағы) немесе мемлекеттік немесе жергілікті биліктің пайдалануы үшін немесе өкімі бойынша меншігіне реквизиция жасау;  
ж) ғарыш объектісінің бортындағы және Сақтанушының келісімінсіз әрекет етуші бір немесе бір топ адамдар жүзеге асырған әуе кемесін ұрлап айдап әкету, заңсыз басып алу немесе оған немесе экипажға ұшу кезінде күштеп бақылау жүргізу (сондай басып алудың немесе бақылаудың кез келген әрекетін қоса).

2. Сонымен қатар, жоғарыда аталған оқиғалардың нәтижесінде ғарыш объектісі Сақтанушының бақылауынан тыс болған уақытта орын алған кез келген зиян келтіру үшін кез келген мүліктің жойылуы немесе зақымдануы және/немесе Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып саналмайды.

3. Сақтанушы ғарыш объектісін еркін түрде өз бақылауына алған, сол ғарыш объектісін пайдаланған немесе оған өкім жүргізген сәттен бастап ғарыш объектісі Сақтанушының бақылауына оралған болып саналады.

Бұл ретте, ғарыш объектісі Сақтанушының пайдалануы үшін Сақтандыру шартында белгіленген ғарыш объектісін пайдаланудың географиялық аумақтары шегінде болған есептік нүктеге толығымен жарамды күйде сәтті оралуы тиіс.

4. Егер ғарыш объектісі өшірілген қозғалтқышпен және оған үшінші тұлғалар тарапынан мәжбүрлеусіз белгіленген сақтау орында тұрған жағдайда – ғарыш объектісі сәтті оралған болып саналады.

Ғарыш объектілерін  
ерікті сақтандыру ережесіне  
**№4 Қосымша**

**Даталарды электрондық және басқа жабдықтармен, бағдарламалық қамтамамен тану  
кезінде орын алған ақаудың нәтижесінде туындаған залалды сақтандырушының өтеу  
міндеттемесінің көлемінен шығарып тастау туралы  
ЕСКЕРТПЕ**

1. Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде (тікелей немесе жанама түрде, толығымен немесе ішінара) немесе солардың салдарынан мүліктің зақымдануына, жоғалуына немесе опат болуына, келген шығындарға немесе кез келген түрдегі жауапкершілікке негізделген кез келген наразылық Сақтанушының міндеттемелері көлемінен шығарылып тасталады, ол талаптар бойынша сақтандыру төлемі төленбейді:

а) жылды, күнді немесе уақытты ауыстырғанға дейін немесе ауыстырғаннан кейін жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға байланысты кез келген компьютерлік жабдықтың, бағдарламалық қамтаманың, интегралдық схеманың, чиптің немесе ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) кез келген жылды, күнді немесе уақытты немесе ақпаратты дәл немесе толығымен ауыстырмауы;

б) жылды, күнді немесе уақытты ауыстыруға дайындау барысында немесе ауыстырудың нәтижесінде кез келген компьютерлік жабдықты, бағдарламалық қамтаманы, интегралдық схеманы, чипті немесе ақпараттық технологиялық жабдықты немесе жүйені (Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілі) ауыстыруды немесе жаңартуды жүзеге асыру немесе ауыстыру әрекетін жасау, немесе сондай ауыстыруға немесе жаңартуға байланысты кеңестік және басқа қызметтер көрсету;

в) кез келген әрекеттердің салдарынан кез келген мүлікті немесе кез келген түрдегі жабдықты пайдаланудың мүмкінсіздігі, уақытты немесе күнді ауыстыруға байланысты Сақтанушының немесе кез келген үшінші тұлғаның тарапынан әрекеттер жасауға немесе шешім қабылдауға қабілетсіздігі;

г) Сақтандырушылардың осы ескертпеге жататын сақтандыру наразылықтарына қатысты басқа наразылық-талап арыз білдіру жұмыстарын зерттеу немесе жүзеге асыру міндеттеріне қатысты осы Сақтандыру шартының кез келген талаптары қабылданбайды.

Ғарыш объектілерін  
ерікті сақтандыру ережесіне  
**№5 Қосымша**

**Географиялық аудандарды шығарып тастау туралы  
ЕСКЕРТПЕ**

1. Төменде көрсетілген 2 және 3-тармақтардың кез келген бір-біріне қайшы ережелері мен шарттарына қарамастан бұл Сақтандыру шарты төменде көрсетілген елдердің және өңірлердің аумағында туындаған кез келген залалдарды, зияндарды немесе шығындарды өтемейді:
- а) Алжир, Кабинда, Бурунди, Орталық Африка Республикасы, Конго, Конго Демократиялық Республикасы, Эритрея, Эфиопия, Кот-д’Ивуар, Либерия, Нигерия, Мавритания, Сьерра-Леоне, Сомали, Судан;
  - б) Колумбия, Эквадор, Перу;
  - в) Ауғанстан, Шешенстан/Ингушетия, Қаулы Қарабах, Пәкістан, Йемен, Джамму және Кашмир, Солтүстік Корея, Мьянма, Непал;
  - г) Грузия, Таулы Қарабах, Солтүстік Кавказ федералдық округі.
  - д) Шри-Ланка, Иран, Ирак Ливия, Сирия, Йемен;
  - е) Сақтандырылған ғарыш объектісінің шаралары БҰҰ санкцияларына қайшы келетін кез келген ел.
2. Алайда өтемақы келесілерге қолданылады:
- а) егер ұшу шарасы халықаралық келісілген әуе дәлізінің ішінде орындалып жатса және I.C.A.O. ұсынысына сәйкес орындалып жатса, жоғарыда аталған елдердің аумағы арқылы ұшу.
  - б) егер 72 сағат ішінде мүдделі тұлғаларға (тұлғаларға) хабарлаған жағдайда, сақтандырылған ғарыш объектісі тікелей ұшу бағыты бойынша осы Ескертпеге енгізілген елге және тек форс-мажор жағдайының салдарынан ғана қонатын болса.
3. осы Ескертпеге енгізілген елдерден басқа кез келген ел, ұшу шарасынан бұрын келісілген шарттармен Сақтанушының сақтандыру өтемақысына енгізілуі мүмкін.